


атмосфералық қысымда аллил радикалының негізгі реакциясы қос байланыс бойынша бастапқы молекулаға қосылу болып табылады.  $C_6H_{11}$  радикалдарын түзіп, пропиленнің димеризациясы жүреді:



$C_6H_{11}$  радикалдарының реакциялары өнімдердің күрделі қоспасын – негізінен бутадиен, бутилен, пропилен, этилен, метан, сутек және сұйық өнімдерді береді.

Бутилен-1 және басқа ұзын тармақталмаған тізбекті алкен-1-лердің термиялық ыдырауы қос байланыспен ілескен ең әлсіз байланыстың үзілуінен басталады және метан, этан, бутадиен және молекуласында көміртек саны аз болатын алкендер түзілуіне әкеп соғады.

Жоғары алкендер термиялық тұрақтылығы жағынан жоғары алкандарға жақын болады.

Циклоалкендер алкендерге қарағанда тұрақтырақ болады. Циклогексен  $600^\circ C$ -ге дейін тұрақты, ал одан жоғары температурада бензолға дегидрленеді.

**Алкадиендер мен алкиндер.** Алкадиендер мен алкиндер алкендерге қарағанда термиялық тұрақтырақ. Салыстырмалы жоғары емес температурада ( $400^\circ C$ -ден төмен) және атмосфералық қысымға жақын қысымда алкадиендер басқа класс қосылыстарынан жылдамырақ айналуларға түседі. Реакцияның негізгі бағыты – молекулалық механизм бойынша жүретін диендік синтез:

